

«Тәртiп және құқық» №10 (538) 12.03.15ж.

«Елім» деген ерлеріміз көп болсын!

«Елім» деген ері бар елдің, «ерім» деген елі бар ердің қашанда мәртебесі биікте. Отан үшін, ел үшін, ата-қоныс жер үшін ата-бабаларымыз қанын төксе, қазіргі біздің парызымыз - сол елдің түтінінің түзу, жолының ашық, мәртебесінің биік, беделінің асқақ болуы үшін тер төгу.

Елі үшін талмай еңбек етуді жұмысының түпкі мәніне айналдырған азаматтарымыз баршылық. Бүгін солардың бірі, елін сүйген азамат, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының оқытушысы, әріптесіміз – Таңқыбаев Руслан Сайлауұлы туралы сөз етпекпін.

Руслан күш-жігері мықты, жүрегінде еліне, жеріне деген сезімі күшті, дамып келе жатқан еліміздің одан әрі гүлденуіне өз тарапынан үлкен үлес қосып жүрген жалынды жастарымыздың бірі. Қазақстан Республикасының самбо және қазақ күресі бойынша спорт шебері. Самбо күресінен Қостанай қаласының аға жаттықтырушысы.

Руслан Таңқыбаев Қостанай облысы, Наурызым ауданы, Мереке ауылында туып-өскен. Жастайынан спортқа жаны құмар Руслан бүгінгі күні алдына қойған мақсаттарына жету жолында. Еліміздің түкпір-түкпірінде өткен жарыстарға қатысып, Руслан спорт жолында сан рет жеңіс туын көтерді. Астана қаласының 1 жылдық мерейтойына арналған қазақ күресінен Республикалық турнирінің жеңімпазы, Қ. Мұнайтпасовты еске алуға арналған Республикалық турнирдің жеңімпазы, КСРО спорт шебері З. Төлеутаевтың жүлдесіне арналған Республикалық турнирдің жеңімпазы, Кеңес Одағының батыры Садық Шакенұлы Жақсығұловтың жүлдесіне арналған қазақ күресінен Республикалық турнирдің жеңімпазы, Қостанай облысының самбо күресінен бірнеше дүркін жеңімпазы.

Өзінің шеберлігімен көптен көзге түскен Руслан Таңқыбаев 2014 жылдың қорытындысы бойынша Самбо күресі бойынша Қостанай облысының үздік жаттықтырушысы атағына ие болып, облыс әкімінің сыйлығымен марапатталды.

Еліне адал қызмет етіп жүрген полиция капитаны Руслан Таңқыбаев өз өмір жолын өзіндей қазақ жастарын тәрбиелеуге, еліне қорған болар болашақ құқық қорғау қызметкерлерін дайындауға ғана емес, сонымен қатар спорттың түрлерінен шәкірт баулып, биік шыңдардан көрініп келеді.

Шәкірттері Ш.Сарсеканов, С.Ахметов, Е.Кабидуллинов, Ш.Баймбетов, Н.Айтмағамбетов, А.Сыбанбаев ұстаздарының жолын қуып спорттың биік шыңына шарықтауда. Соның ішінде 2 мәрте Азия чемпионы, Самбо күресінен Әлем чемпионатының 2 мәрте күміс, 4 мәрте қола жүлдегері, Әлем Кубогының 4 мәрте иесі Алькей Асылбек өз ұстазының еңбегінің жемісі мен жеңісін көрсетті. Шәкірттерінің әлемдік деңгейдегі жетіп жүрген жетістіктері Русланның аянбай жасаған еңбегі, елінің спорт саласының биікке шыңдауына қосқан үлесі.

Сонымен қатар Руслан өнегелі отағасы, үш баланың асқар таудай әкесі. Руслан спорттың тағы бір түрі жылқы спортымен де әуестенеді.

Русланға қызмет жолында, шәкірт тәрбиелеу жолында табыс, жетістіктер тілей отырып, биік шыңдардан көріне бер дегіміз келеді! Өз ерлігімен мақтанбайтын, жетістігін жар салмайтын, қарапайым да сыпайы әріптесіміз Русланды біз мақтан тұтамыз! Жүрегіңнен ерлік, намыс, жігітке тән жігер кетпесін, әрқашан алда бол, жолың нұрлы болсын!

Бигуль Нуркина

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев
атындағы Қостанай академиясы
Біліктілікті арттыру және қайта
даярлау институтының
оқытушы-әдіскері,
полиция капитаны